

8 дәріс. Жүсіп Баласағұн дүниетанымы

Дәрістің мақсаты: Орта ғасырлық ғұлама ойшыл Жүсіп Баласағұн кім және оның дүниетанымы, еңбегі, ондағы кейіпкерлермен таныстыру. Бүгінгі тұрғыдан әр кейіпкерге мән беру. QR код арқылы «Дәуір даналары» бағдарламасы бойынша түсірген «Жүсіп Баласағұн» деректі фильмін көрсету.

Жүсіп Баласағұн XI ғасырда Қарахан әулетінің орталығы болған Баласағұн қаласында өмір сүрген ақын, ойшыл, белгілі қоғам қайраткері. Ол философия, табиғаттану, математика, астрономия, тарих, араб-парсы, тіл білімі тағы басқа ғылым салаларын жетік меңгерген ғұлама ғалым. Оның есімін әлемге танытқан «Құтты білік» атты кітабы сол замандағы ресми әдебиет тілі болып саналған түркі халықтарының тілінде жазылған алғашқы энциклопедиялық еңбек.

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» еңбегін шамамен 1070 жылдары 54 жасында жазып сол кездегі хандардың ханы атанған Табғаш Қара Боғрахан атты билеушіге сыйлайды. Бұл сыйға риза болған Боғрахан өз сарайына алдырып «Хас Хаджип Жүсіп Баласағұн» деген атақ беріп, өзінің кеңесшісі етіп тағайындайды. Жүсіп сарайда мемлекеттік басқару ісіне араласып, елшілерді қабылдап, билік пен халық арасындағы көпірге айналады.

«Құтты біліктің» Еуропа әлеміне әйгілі болуы австралиялық шығыстанушы Фон Хаммер Пургшталь есімімен тікелей байланысты. Ол 1796 жылы Стамбул қаласында аталмыш қолжазбаны қолға түсіріп, Вена кітапханасына сыйға тартқан.

Еңбекті алғаш рет венгер ғалымы, шығыстанушы Германи Вамбери 1891-1910 жылдары дастанның түпнұсқасымен қоса, оның немісше аудармасын жариялап, 1870 жылы Инсбрук қаласында жеке кітап етіп шығарады.

Шығарманың үзінділерін тұңғыш рет орыс тіліне аударған С.Е.Малов, 1971 жылы Н.Гребнев «Бақытты болу ғылымы» деген атпен дастанның еркін аудармасын жасаған. 1971 жылы өзбек ғалымы, шығыстанушы К.Кәрімов өзбек тіліне, 1986 жылы қазақ тіліне Асқар Егеубаев аударған болатын.

Жүсіп Баласағұн «Құтты Білік» поэмасында – мемлекетті басқаруға арналған, адамшылық ұстанымдар, әлеуметтік-саяси жағдай, әдет-ғұрыптарға толы шығарманы дүниеге әкелді. Шығыстың көптеген патшалары бұл еңбекті өздерінің қолынан тастамайтын кітабына айналдырған. Бектер, патшалар қандай болу керек деген сұраққа жауапты осы шығармадан тапқан.

«Құтты Біліктің» кіріспесінде тәңірдің құдіреттілігі суреттелген кезде, оның бар болмысы – айды, күнді, жерді, көкті жаратқандығы сөз болады.

Әділеттілік – ана сүтімен сүйекке сіңетін қасиет. Ал, ақыл, дәулет, қанағатшылдық, сезім жүре қалыптасатын қасиеттер. Оның үстіне бұл қасиеттер тұрақсыз. Дәулет баянсыз, тұрақсыз, түлеп, жаңғырып отырады. «Байлық бір жұттық» – деп дана халқымыз бекер айтпаған. Ақыл – адалға да, арамға да бітеді. Қанағат сараңдықпен түйіспейді. Олардың әрқайсысы жеке-дара алып қарағанда дүниеге тұтқа бола алмайтындығы туралы сөз қозғалады. Бектің бақыты халықтың бақыттылығында. Ол халықтық сипаттағы ұғым. Өз халқын бақытқа жеткізген билеуші ғана бақытты болмақ. Үштік қағида да көп қолданылады. Мемлекеттің негізі үш нәрседен: халықтан, қазынадан, әскерден тұрады. Халықтың өзі үш буын – бай, орта, кедейлерден құралады.

«Жаратты адамды Алла керек етіп,
Ой, білім, ақыл берді зерек етіп.
Берді оған ақыл, ұят, өткір тілді,
Һәм қылық, таза пейіл бере білді.
Адамды биік қылар білім берді,
Берді ақыл шешетін не түйіндерді.
Кімге Алла ақыл ой мен білік берер –
Ізгі іске соның қолын іліктірер.
Болсын да білім-биік, ақыл-терең,

«Адамды өсіретін – солар», - деп ем» (*Баласағұни Й. Құтадғу білік: Құт әкелетін білім – Түркістан, Тұран баспаханасы, 2004 ж. – 555/29 бет*).

Құтты білікте ақыл, білім жайлы ойлар өте көп кездесіп, асқан шеберлікпен сипатталғандығын осы бейіттерден аңғарамыз.

«Құтты біліктің» ұйғыр әрпімен жазылған нұсқасындағы кіріспені Жүсіп Балағұнның өзі жазған деген түсінік бар. Онда автор өз шығармасы жайлы «Бұл өте құнды кітап. Өйткені, ол Қытай, Үнді елі

даналарының нақылдарымен, өлеңдерімен өрнектеліп толықтырылған. Мұны оқып, зердесіне тоқи білген, өлең жолдарын насихаттап жұртқа таратқан адамның өзінің де қадір-құрметі арта түседі. Бұл кітапты құрастырған Баласағұн шаһарының тұрғыны, өзі сабырлы да салмақты және тақуа адам». Жүсіп Баласағұнның бұл поэмасы өз заманының шыңына көтерілген. Еңбектің келтірер пайдасы мен көрсетер өнегесіне орай, Жүсіп Баласағұнның бұл еңбегін ел арасында әртүрлі атпен: «Әкімдердің әдептілігі», «Мемлекет тәртібі», «Әмірлердің сән-салтанаты», «Әміршілдер мақұлдаған, қоғамдық орындар бекіткен тәртіп ережелері», «Әміршілер үшін әбзел», «Бақытты бола білу жайлы ғылым» десті, «Патшаға ақыл-кеңес» кітабы деген атаулар берген. Ал, түркітанушы Асқар Егеубаев «Кісілік кітабы» деп атап, арнайы кітап шығарған.

Ал, Жүсіп Баласағұнның рухани мұрасы және оның еңбегі жазылған заманды зерттеген орыс халқының белгілі шығыстанушы ғалымы В.Бартольд «Патшаларды ақылға шақыратын білім» деп, С.Е.Малов «Бақыт кітабы», В.Радлов «Бақыт сыйлайтын білім», В.Томсен «Бақытты болу өнері», С.Иванов «Құтты білім» деп тәржімалаған. Соңғы уақыттарда бұл еңбекті «Ақыл кітабы», «Құтты білік» деген атаумен кітаптар шыға бастады.

Қалай атаса да, бұл шығарманың өзегі мемлекетті басқарудағы этикалық-адамшылық құндылықтар туралы жазылғандығы дау туғыза қоймас.

«Құдадғу білік» – дәстүр. Халықтық дәстүр, эстетикалық дәстүр, танымдық дәстүр. Дәстүр болғанда, ел мен елдің басын қосып, халық пен халықты табыстыратын, адамның қадірін адамға ұқтыратын ұлағатты дәстүр. Даналық, парасат, кісілік дәстүр» (Егеубаев А. *Кісілік кітабы. Ана тілі*, 1998. – 320/114 бет).

Жүсіп Баласағұн Жетісу тайпаларының ескі салтын, түрлі наным-сенімдерін жырлайды. 1069 жылы Баласағұн «Құтты білікті» жазса, 1070 жылы Махмұд Қашқари Бағдадта өзінің түркі сөздерінің лұғатын (сөздік) аяқтайды.

Ғылыми айналымда «Құтты білік» шығармасының бізге белгілі төрт түрлі нұсқасы бар.

Вена кітапханасындағы нұсқаны кейде Герат нұсқасы дейді. Бұл қолжазбаны 1439 жылы Герат қаласында ұйғыр әрпімен Хасан Қара Сейіл жазбаға түсіріп, оны Стамбұлда қызметтік іс-сапарда жүрген Австриялық ғалым Иосиф фон Хаммер-Пургшталь сатып алып, Венадағы Корольдар кітапханасына сыйлаған.

Мысыр кітапханасындағы қолжазбаның көшірмесі араб әрпімен көшірілген. Бұл нұсқаны неміс ғалымы Б.Мориц Каирдегі сирек кездесетін қолжазбалар қорынан 1896 жылы тауып алған. Кейіннен бұл нұсқаны В. Радлов Петербург ғылым академиясының Азия музейі үшін Каир нұсқасының көшірмесін жасап алады.

Наманган (Ферғана) кітапханасынан табылған нұсқасын 1913 ж. А.Валидов Өзбекстанның Наманган қаласынан табады. Қолжазба көлемі 223 тараудан тұрады. 1971 ж. Ташкентте өзбек тілінде Каюм Каримов, орыс тілінде С.Малов аударып бастырған. Ал, қазақ тіліне 1986 жылы Асқар Егеубаев аударған. Осы нұсқасының негізінде көптеген зерттеулер жүргізіліп, жеке кітап ретінде жарияланды.

«Адамның өлетіндігі, өлімнің бір күні жалмайтындығы басқа адамдар үшін үлгі болсын, уақытында тәубесіне келіп, келер дүниені ойласын деген тәрізді толғамдар Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасындағы ең жиі айтылатын ой-толғам. Жүсіп Баласағұн үшін дүниетаным дегеніміз, жоғарыда айтып өткеніміздей, Еуропадағыдай дүниені дүние үшін тану емес, дүниені адам үшін тану, яғни адам мен дүние байланысы, дүние адам үшін де, қаншалықты онымен бірге және қай жерге дейін бірге болады деген сұрақтарға жауап іздеу. Осы тұрғыдан алғанда ең бірінші көз жеткізер шындық, ол – дүниенің адам үшін уақытша, жалған екендігі. Бұл дүниені жамандау емес, дүниенің адам үшін маңызы мен орнын тану» (Түркі дүниесінің ойшылдары. 1-кітап. Астана: ТОО «Proper Print», 2013. – 508/215 бет).

«Құтты білік» еңбегінің басты идеясы төрт құндылыққа негізделіп жазылғандығын мына өлең жолдарынан көреміз:

«Бірі – шындық, әділеттің сәулеті,
Ал, екінші – құт-бақыттың дәулеті.
Ол үшінші – ақыл-сана, атақ-ат,
Ал, төртінші – ұстамдылық, қанағат.
Ат беріліп әрбіріне зейінді,

Айтылды бұлар тағы кейін де.

Бұл әділет «Күнтоғды» деп аталған.

Мансабы оның «патша» деген ат алған» (*Баласағұни Й. Құтадғу білік: Құт әкелетін білім – Түркістан, Тұран баспаханасы, 2004 ж. – 555/8 бет*).

Бірінші. Мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заң болуы қажет. Ол әділдіктің символы ретінде Күнтуды патшаны бекітеді. Ел билеген патша ол – Әділеттіліктің жаршысы, билік әділдіктен тұрады. Бектер ел басқару ісінде әділ болса, әлемде бейбіт өмір орнайды (819-бәйіт) дейді. Заң алдында бәрінің тең болуын қалап, бектің халық алдында үш міндетін орындауы тиіс: 1. Мемлекетте күміс таза болуы; 2. Халыққа әділ заң орнату; 3. Жолдардың барлығы қауіпсіз болып, қарақшы мен тонаушылардан таза болуын қамтамасыз ету. Жүсіптің ойынша мемлекеттің тұтастығы, болашағы ынтымақ, бірлікте. Билікке талас болған кезде халық жапа шегеді, мемлекеттің қуаты әлсіреп, жойылып кетуіне апаруы мүмкін деген қорытынды жасайды.

Екінші. **Бақ-дәулет**, елге, жұртқа қонсын деген тілектен Айтолды (патшаның уәзірі) бейнесі шығады;

Үшінші. **Ақыл-парасат** уәзірдің Ұғдүлміш (мақтаулы) бейнесінде жырға қосылады.

Төртінші. **Қанағат-ынсап** уәзірдің туысы Одғұрмыш (оянған, ояу жүрген кісі) бейнесімен жырға арқау болады.

Міне, осы кейіпкердің іс-әрекетіне Құтты білік сюжеті тікелей байланысты құрылған. Соңында Ұғдүлміш ел басқару ісіне араласып, әкесінің ісін жалғастырып керемет мемлекет құрады. Одан басқа елшілер, әскер басшылары, уәзірлер, диқандар, малшылар сияқты жұмысшылардың құқықтары мен міндеттері қандай болуы керектігі туралы да жазылған. Соған қарап, сол заманның қоғамдағы қарым-қатынастарды реттейтін заңдар жинағы деп те атайды. Жүсіп те өз шығармасында әл-Фараби сияқты басшыға қойылатын талаптары жоғары екендігін жазады.

Жалпы, Құтты білік 6520 бәйіттен тұратын поэтикалық-дидактикалық шығарма.

«Поэманың өзекті тақырыбы, алға ұстанған мұрат-мақсаты – халыққа құтты өмір сыйлау, бақытты, әділетті қоғам құру. Осындай

гуманистік мұраттарды жүрекке байсалды сұхбат, байыпты ой өрнегімен жеткізеді. Әңгіме, сұхбат төрт кейіпкердің арасында өтеді. Төртеуі – құттың төрт діңгегі» (Егеубаев А. *Кісілік кітабы. Ана тілі*, 1998. – 320/34 бет).

Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын,

Білім – жарық, нұрын саған шашатын – деген нақыл сөздерге толы, тағылымы мол құнды еңбек. Шығармада айтылған сөздер, тақырыптар әлі күнге дейін өзекті. Сонысымен біз үшін баға жетпес рухани мұра болып қала береді.